

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н.ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ



**«Педагогика» кафедрасының 60 жылдығына арналған «ЗАМАНАУИ
ҚОҒАМ ЖӘНЕ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ БІЛІМ БЕРУ» тақырыбындағы
халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдарының
ЖИНАҒЫ**

22-сәуір, 2022 ж.

СБОРНИК

**материалов Международной научно-практической конференции
посвященной 60-летию кафедры «Педагогика» на тему: «СОВРЕМЕННОЕ
ОБЩЕСТВО И ПЕДАГОГИЧЕСКОЕ ОБРАЗОВАНИЕ»**

22-апреля, 2022 г.

COLLECTION

**of materials International scientific and practical conference dedicated to the 60th
anniversary of the department «Pedagogy» on the topic: «MODERN SOCIETY AND
PEDAGOGICAL EDUCATION»**

22-April, 2022 y.



Нұр-Сұлтан, 2022

ӘОЖ 37.0

КБЖ 74.00

П 23

Редакция алқасы:

Д.Қамзабек - фил.ғ.д., профессор, Басқарма мүшесі - әлеуметтік-мәдени даму жөніндегі проректор, **Б.Ж.Сомжүрек** - «Әлеуметтік ғылымдар» факультетінің деканы, **М.П.Асылбекова** - «Әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану» кафедрасының меңгерушісі, п.ғ.к., профессор м.а.; **Р.К.Төлеубекова** - п.ғ.д., профессор; **Қ.Қ.Шалғынбаева** - п.ғ.д., профессор; **Г.Қ.Длиббетова** -п.ғ.д., профессор; **Б.П.Сейтқазы** - п.ғ.д., профессор; **Қ.Т.Атемова** - п.ғ.д., профессор; **Г.К.Шолпанқұлова** - п.ғ.к., профессор м.а., **Г.Т.Уразбаева** -п.ғ.д., профессор м.а.; **С.С.Байсарина** -п.ғ.к., доцент; **Байменова Б.С.** - п.ғ.к., доцент; **Ботабаева Ә.Е.** - п.ғ.к., доцент; **Т.С.Сламбекова** - п.ғ.к., профессор м.а.; **Н.П.Албытова** - п.ғ.к., профессор м.а.; **Балтабаева Ж.Б.** - магистр.

ISBN 978-601-337-659-2

Жинақта Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, «Педагогика» кафедрасының 60 жылдығына арналған «**ЗАМАНАУИ ҚОҒАМ ЖӘНЕ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ БІЛІМ БЕРУ**» тақырыбындағы Халықаралық ғылыми-практикалық конференциясының Пленарлық мәжілісінде және «Білім беру мегатрендтері және олардың педагогтің кәсіби құзыреттілігін дамытуға әсері», «Қазақстандық педагогика болашақтың педагогтарын даярлаудың негізі ретінде», «Педагогикалық іс-әрекеттегі коллаборация бірыңғай білім беру кеңістігін дамыту ресурсы ретінде» деп аталатын секция жұмыстары бойынша тыңдалған баяндамалар қамтылды. -821бет.

ОӘЖ 37.0
КБЖ 74.00

ISBN978-601-337-659-2

Литература

1. Баймуқанов М. Т. социально-педагогическая работа с семьей. Астана -2005. – 58 с.
2. Толковый словарь педагогики и психологии, А.: «Мектеп» - 2002г. С. 54-57.
3. Гиддингс Ф. Г. Теория социализации-М., 1887. -124с.
4. Андреева Г.М. Социальная психология. Учебник для вузов, М.: Аспект Пресс. 2008.-365 с.
5. Мудрик А.В. Социализация человека: учеб. пособие для студ. высш. учеб. заведений / А.В. Мудрик — 3-е изд., испр. и доп. — М.: Изд-во Московского психолого-социального ин-та, 2011.- 729с.
6. Ковалев А.И. Социализация личности: норма и отклонение. - М.: Голос, 1996. – 222с.
7. Мухина В. А. Возрастная психология. Феноменология развития Учебник для студ. высш. учеб. заведений. — 10-е изд., перераб. и доп. -М.: Академия, 2006. -608 с.
8. Сластенин В.А. Психология и педагогика: учеб. Пособие для студентов высших учеб. заведений/В.А.Сластенин, В.П.Каширин-8-е изд. Стер-М.: Издательский центр «Академия»,2010.-480с.

МУҒАЛІМДЕРДІҢ КӘСІБИ МӘРТЕБЕСІНЕ ҚАТЫСТЫ КӨЗҚАРАСТАРЫН ЗЕРТТЕУ

Мейркулова Аида Бақытбекқызы

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ, Нұр-Сұлтан қаласы, Қазақстан.

a.b.meirkulova@gmail.com

Аннотация. Данная цифровая исследовательская работа направлена на определение подходов учителей к профессиональному статусу. Вместе с тем, эта работа выявила, что взгляды учителей на их профессиональный статус в силу их пола, возраста и состояния отсутствия учителей в семье расходятся. В исследовании приняли участие 619 учителей города Нур-Султан. Для учителей применена измерительная шкала «Шкала измерения статуса профессии учителя». В анализе количественных данных, полученных из шкалы с целью ответа на вопросы исследования, описательная статистика, параметрический тест - Т для независимых выборочных групп; ANOVA, Манн-Уитни U; Kruskal Wallis H.

Ключевые слова: Статус учителя, измерение статуса учителя, отношение учителя, пол учителя, возраст учителя.

Abstract. This quantitative research aims to determine the views of teachers on their professional status. The study also found whether teachers' views toward their professional status change depending on their gender, age or having a teacher in the family. The study involved 619 teachers from Nur-Sultan. Teachers were given a scale to measure their views toward their professional status. Descriptivestatistics in the analysis of quantitative data, parametric T-test for independent sample groups; ANOVA and non-parametric Mann-Whitney U; Kruskal Wallis H tests were used.

Key words: Teacher status, teacher status measurement, teacher's view, teacher gender, teacher age.

Кіріспе

Бір мемлекеттің білім сапасы көп жағдайда сол білім беру жүйесінің негізгі субъектісі болып табылатын мұғалімге тікелей байланысты. Бұл тұрғыда білім беру жүйесінде маңызды рөл атқаратын мұғалімдердің жағдайы мен олардың мәртебесі білім саланың өзекті мәселелердің бірі болып табылады [1]. Осыған орай ұсынылып отырған жұмыстың мақсаты, мұғалімдердің мұғалім кәсібіне қатысты көзқарастарын анықтау. Сонымен қатар

мұғалімдердің кәсіби мәртебесіне қатысты көзқарастары жынысы, жасы, отбасында мұғалімдердің болып болмау жағдайы және экономикалық жағдайына байланысты өзгеріп, өзгермейтінгін анықтау болып табылады.

Зерттеу мақсатына байланысты төмендегі зерттеу сұрақтарына жауап берілді. Олар:

- a) Мұғалімдердің көзқарасы бойынша мұғалім кәсібінің мәртебесі қандай деңгейде?
- b) Мұғалімдердің кәсіби мәртебесіне қатысты көзқарастары олардың;
 - Жынысы;
 - Жасы;
 - Отбасында мұғалімдердің болып болмау жағдайына байланысты өзгереді ме?

Зерттеу әдісі

Зерттеу сандық әдіске негізделген жұмыс. Сандық зерттеу тәжірибеден өткен құбылыстарды объективті ету, өлшеу және оларды сандық өрнекпен көрсету арқылы бақылауды мүмкін ететін зерттеу [2]. Сандық зерттеудің ең маңызды ерекшелігі оның объективті болуы. Сәйкесінше зерттеуде статистикалық сандық деректер қолданылып, зерттеу нәтижесінде көрсеткіштер нақты сандық мәндермен сипатталу арқылы мұғалімдердің кәсіби мәртебесіне қатысты объективті көзқарастары анықталды.

Таңдалым

Зерттеу таңдалымы Нұр-Сұлтан қаласындағы мұғалімдерден жасақталды. Зерттеуге қатысушылар 619 мұғалімді құрады. Мұғалімдер туралы демографиялық сипаттамалық мәлімет 1-кестеде берілген.

Кесте 1

Айнымалылар		n	%
Жынысы	Әйел	525	85,5
	Еркек	89	14,5
Жасы	17-25	110	17,9
	26-30	79	12,9
	31-35	96	15,6
	36-40	93	15,1
	41 және жоғары	236	38,4
Отбасында мұғалімдердің болып болмау жағдайы	Иә	388	63,2
	Жоқ	226	36,8
Экономикалық жағдайы	Төмен	21	3,4
	Орта	269	43,8
	Жақсы	301	49,0
	Өте жақсы	23	3,7
Барлығы		614	100

Кесте 1-ді жалпы қарастыратын болсақ, зерттеуге қатысушы мұғалімдердің 525-сі (85,5%) әйелдер, 89-ы (14,5%) ер адамдар. Мұғалімдердің 110-ы (17,9%) 17-25 жас аралығында, 79-ы (12,9 %) 26-30 жас аралығында, 96-сы (15,6%) 31-35 жас аралығында, 93-і (15,1%) 36-40 жас аралығында, 236-сы (38,4%) 41 және жоғары жаста. Мұғалімдердің 388-нің (63,2%) отбасында мұғалім болып жұмыс жасайтындардың бар екендігі, ал 226-сының (36,8%) отбасында мұғалім болып жұмыс жасайтындардың жоқ болғаны байқалады. Мұғалімдердің 21-і (3,4%) экономикалық жағдайын төмен, 269-ы (43,8%) орта, 301-і (49,0%) жақсы, 23 -і (3,7%) өте жақсы деп көрсетті.

Мәлімет жинау құралы

Зерттеу жұмысы үшін мәліметтерді жинау мақсатында Мейркулова және Гелишли тарапынан жасалған «Мұғалім кәсібінің мәртебесін өлшеу шкаласы» атты өлшеу шкаласы қолданылды [3]. Бұл шкаланың мақсаты, мұғалімдердің мұғалім кәсібінің мәртебесі туралы

пікірлерін анықтау болып табылады. «Мұғалім кәсібінің мәртебесін өлшеу шкаласы» үш өлшемнен (фактордан) тұрады. Олар; Мұғалім және мұғалім кәсібінің құндылығы (11 элемент), Мұғалім кәсібіне берілген маңыздылық (8 элемент), Мұғалім кәсібіне әсер ететін мәселелер (6 элемент). Шкала үшін бес балдық Лайкерт келісім шкаласы қолданылды. Шкаласы екі бөліктен тұрады. Бірінші бөлімде демографиялық және жеке мәліметтерге қатысты сұрақтар қойылды. Бұл сұрақтар қатысушылардың жынысы және отбасында мұғалім болып жұмыс жасайтындардың болуы сияқты мәліметтерді қамтиды. Шкаланың екінші бөлігі мұғалім кәсібінің мәртебесі туралы пікірлерді қамтитын 25 шкала элементінен тұрады. Оның 4-і теріс, 21-і оң пікір. Шкаланың элементтері үшін «толықтай келісемін», «келісемін», «біраз келісемін», «келіспеймін» және «мүлдем келіспеймін» келісу дәрежелері ұсынылды және олар тиісінше «5, 4, 3, 2, 1» және теріс пікірлер үшін «1, 2, 3, 4, 5» ұпайларымен бағаланды.

Мәліметтер анализі

Зерттеу сұрақтарына жауап беру мақсатында өлшеу құралы болып табылатын шкаладан алынған сандық деректерді талдауда сипаттамалық статистика, тәуелсіз таңдама топтар үшін параметрлік Т-тесті және параметрлік емес тест болып табылатын Манн-Уитни U тесттері қолданылды [4]. Сонымен қатар, зерттеудің бастапқы сұрағына жауап беру үшін «Мұғалім кәсібінің мәртебесін өлшеу шкаласы» бойынша алынған орташа мәнді түсіндіру үшін 2-кестеде берілген шкала элементтерін бағалау диапазоны пайдаланылды.

Кесте 2

Келісу дәрежесі	Шкала элементтері үшін диапазоны	Шкаланың орташа бағалау мәні диапазоны
Толықтай келісемін	4, 21 - 5, 00	105,01 - 125,00
Келісемін	3, 41- 4, 20	85,01- 105,00
Біраз келісемін	2, 61 - 3, 40	65,01 - 85,00
Келіспеймін	1, 81 - 2, 60	45,01 - 65,00
Мүлдем келіспеймін	1, 00 - 1, 80	25,00 - 45,00

Мұғалім кәсібінің мәртебесін өлшеу шкаласы өлшемдерінен (факторларынан) алынған орташа мәндерді бағалау үшін 3-кестедегі бағалау диапазоны пайдаланылды.

Кесте 3

Келісу дәрежесі	1-өлшемді бағалау диапазоны	2- өлшемді бағалау диапазоны	3-өлшемді бағалау диапазоны
Толықтай келісемін	46,21 - 55,00	33,61 - 40,00	25,03 - 30,00
Келісемін	37,41- 46,20	27,21- 33,60	20,05- 25,02
Біраз келісемін	28,61 - 37,40	20,81 - 27,20	15,61 - 20,04
Келіспеймін	19,81 - 28,60	14,41 - 20,80	10,81 - 15,60
Мүлдем келіспеймін	11,00 - 19,80	8,00 - 14,40	6,00 - 10,80

Нәтижелер

Мұғалімдердің көзқарасы бойынша мұғалім кәсібінің мәртебесі қандай деңгейде?

Бұл сұраққа жауап беру мақсатында **4-кестеде берілген** «Мұғалім кәсібінің мәртебесін өлшеу шкаласынан» алынған өлшемдер (факторлар) мен жалпы орташа мәндердің көсеткіші, мәліметтердің саны, қиғаштық коэффициенті, орташа мән, стандартты ауытқуы, жалпы балдың неғтөменгі және шкаладан алынған максимум және минимум мәндер пайдаланылды.

Кесте 4

	n	Қиғаштық	\bar{X}	ss	Минимум	Максимум
Жалпы орташа мән	614	,288	88,76	9,34	62,00	118,00
Мұғалім және мұғалім кәсібінің құндылығы (F1)	614	,187	43,87	4,74	29,00	55,00
Мұғалім кәсібіне берілген маңыздылық (F2)	614	-,006	23,00	2,82	8,00	38,00
Мұғалім кәсібіне әсер ететін мәселелер (F3)	614	,073	21,89	3,03	13,00	30,00

Кесте 4те көрсетілгендей шкаласының жалпы және өлшем мәндерінің қиғаштық коэффициенттері ± 1 аралығында. Сонымен қатар болашақ мұғалімдердің шкаладан алған минимум балл 62.00, максимум болса 118.00 құрады. Ал шкаланың жалпы орташа мәні 88,76 болып есептелді. мұғалімдердің берген жауаптары бойынша алынған орташа мән ($X=88,76$), шкаланың орташа мәнін бағалау диапазонына (Кесте 2) сәйкес «келісемін» деңгейінде (85,01-105,00). Демек, қатысушы мұғалімдер шкала элементтеріндегі мұғалім кәсібінің мәртебесі туралы тұжырымдармен келісе отырып, сол тұжырымдарға оң көзқараспен қарайтыны және мұғалім кәсібінің мәртебесін «жақсы» деңгейде деп бағалайтындары анықталды.

«Мұғалім және мұғалім кәсібінің құндылығы (F1)» атты шкаланың бірінші өлшемінен алынған ең төменгі балл 29,00, ең жоғары балл 55,00 және орташа балл 45,87 деп есептелді. Бірінші өлшемге қатысты тұжырымдарға мұғалімдердің берген жауаптарының орташа мәні ($X=45,87$) бағалау диапазонына (Кесте 3) сәйкес «Келісемін» деңгейінде (37,41- 46,20). Сәйкесінше, мұғалімдер, «Мұғалім және мұғалім кәсібінің құндылығы (F1)» атты шкаланың бірінші өлшеміндегі тұжырымдармен келісе отырып, сол тұжырымдарға оң көзқараспен қарайтыны анықталды.

«Мұғалім кәсібіне берілген маңыздылық (F2)» атты шкаланың екінші өлшемінен алынған ең төменгі балл 8,00, ең жоғары балл 38,00 және орташа балл 23,00 болып есептелді. Екінші өлшемге қатысты тұжырымдарға болашақ мұғалімдерінің берген жауаптарының орташа мәні ($X=23,00$) бағалау диапазонына (Кесте 3) сәйкес «Келісемін» деңгейінде (20,81-27,20). Сәйкесінше, мұғалімдер, «Мұғалім кәсібіне берілген маңыздылық (F2)» атты шкаланың екінші өлшеміндегі тұжырымдармен келісе отырып, сол тұжырымдарға оң көзқараспен қарайтыны анықталды.

«Мұғалім кәсібіне әсер ететін мәселелер (F3)» атты шкаланың үшінші өлшемінен алынған ең төменгі балл 13,00, ең жоғары балл 30,00 және орташа балл 21,89 болып есептелді. Үшінші өлшемге қатысты тұжырымдарға болашақ мұғалімдерінің берген жауаптарының орташа мәні ($X=21,89$) бағалау диапазонына (Кесте 3) сәйкес «Келісемін» деңгейінде (20.05-25.02). Сәйкесінше, мұғалімдер, «Мұғалім кәсібіне әсер ететін мәселелер (F3)» атты шкаланың үшінші өлшеміндегі тұжырымдармен келісе отырып, сол тұжырымдарға оң көзқараспен қарайтыны анықталды.

Мұғалімдердің кәсіби мәртебесіне қатысты көзқарастары олардың жынысына байланысты өзгереді ме?

Мұғалімдердің кәсіби мәртебесіне қатысты көзқарастарының олардың жынысына байланысты өзгерісін анықтау мақсатында «Мұғалім кәсібінің мәртебесін өлшеу шкаласынан» алынған өлшемдер (факторлар) мен жалпы орташа мәндердің қалыпты таралу және дисперсияның біртектілігі тұрғысынан қарастырылып, нәтижесі **5-кестеде берілді.**

Кесте 5

Топ	n	\bar{X}	Қиғаштық	Дисперсия
-----	---	-----------	----------	-----------

						Левен тесті	
						F	p
Мұғалім және мұғалім кәсібінің құндылығы (F1)	Әйел	525	43,90	,230		,508	,476
	Ер	89	43,67	-,022			
Мұғалім кәсібіне берілген маңыздылық (F2)	Әйел	525	22,77	,030		,654	,419
	Ер	89	24,30	-,172			
Мұғалім кәсібіне әсер ететін мәселелер (F3)	Әйел	525	21,88	,098		1,820	,178
	Ер	89	21,97	-,136			
Жалпы орташа мән	Әйел	525	88,56	,388		,783	,376
	Ер	89	89,94	-,239			

Кесте 5те көрсетілгендей Мұғалім кәсібінің мәртебесін өлшеу шкаласынан алынған жалпы және өлшемдерінен (факторларынан) алынған орташа мәндері үшін қиғаштық коэффициенттері жынысына сәйкес барлық топтарда ± 1 диапазонында, сондықтан олар қалыпты таралуды көрсетеді және дисперсиялар біртекті ($p > 0.05$); Зерттеу аясында қатысушы мұғалімдердің мұғалім кәсібінің мәртебесін өлшеу шкаласынан алынған жалпы және өлшемдерінен (факторларынан) алынған орташа мәндердің олардың жынысына байланысты өзгеретіндігін тексеру үшін қолданылатын тәуелсіз таңдама топтар үшін параметрлік Т-тестінің нәтижелері 6-кестеде келтірілген.

Кесте 6						
Т-тест	Топ	n	\bar{X}	Sd	t	p
Мұғалім және мұғалім кәсібінің құндылығы (F1)	Әйел	525	43,90	612	,421	,674
	Ер	89	43,67			
Мұғалім кәсібіне берілген маңыздылық (F2)	Әйел	525	22,77	612	2,300	,022*
	Ер	89	24,30			
Мұғалім кәсібіне әсер ететін мәселелер (F3)	Әйел	525	21,88	612	,248	,804
	Ер	89	21,97			
Жалпы орташа мән	Әйел	525	88,56	612	1,297	,195
	Ер	29	100,90			

* $p < 0,05$

Кесте 6да көрсетілгендей Мұғалім кәсібінің мәртебесін өлшеу шкаласының тек F2 өлшемінен алынған мәнің қатысушы мұғалімдердің жынысына байланысты өзгеретіндігі анықталды ($t_{F2} = 2,300$, $p < 0.05$). Т-тест талдауынан алынған нәтижені өлшем тұрғысынан қарастырғанда; Мұғалім кәсібіне берілген маңыздылық (F2) өлшемі бойынша алынған нәтижелер бойынша ер мұғалімдердің ұпайы ($X = 24,30$) әйел мұғалімдердің ұпайларынан ($X = 22,70$) жоғары екенін көрсетті. Сәйкесінше бұл ер мұғалімдер мұғалім кәсібінің маңыздылығы туралы тұжырымдарға әйел мұғалімдерге қарағанда көбірек келісетіндігі және бұл тақырыпқа қатысты жағымдырақ ойлайтындары байқалды. Жалпы зерттеу сұрағына жауап ретінде қорытындылайтын болсақ; зерттеу шеңберіндегі мұғалімдердің кәсіби мәртебесіне қатысты көзқарастары олардың жынысына байланысты тек өлшем тұрғысынан өзгеретіндігі анықталды. Бұл ер мұғалімдердің мұғалім кәсібіне әйел мұғалімдерге қарағанда маңыздылық көп беретінді деген мағынаны білдіреді.

Мұғалімдердің кәсіби мәртебесіне қатысты көзқарастары олардың жасына байланысты өзгереді ме?

Мұғалімдердің кәсіби мәртебесіне қатысты көзқарастарының олардың жасына байланысты өзгерісін анықтау мақсатында «Мұғалім кәсібінің мәртебесін өлшеу шкаласынан» алынған өлшемдер (факторлар) мен жалпы орташа мәндердің қалыпты таралу және дисперсияның біртектілігі тұрғысынан қарастырылып, нәтижесі **7-кестеде берілді.**

Кесте 7

	Топ	n	\bar{X}	Қиғаштық	Дисперсия Левен тесті	
					F	p
Мұғалім және мұғалім кәсібінің құндылығы (F1)	17-25	110	44,45	,337	2,67 1	,031
	26-30	79	44,10	-,016		
	31-35	96	43,24	,340		
	36-40	93	43,43	,099		
	41 және жоғары	236	43,95	,083		
Мұғалім кәсібіне берілген маңыздылық (F2)	17-25	110	24,83	-,062	1,32 2	,260
	26-30	79	23,04	-,050		
	31-35	96	21,59	,026		
	36-40	93	23,34	,126		
	41 және жоғары	236	22,56	-,119		
Мұғалім кәсібіне әсер ететін мәселелер (F3)	17-25	110	21,61	,090	2,06 2	,084
	26-30	79	21,92	-,184		
	31-35	96	21,66	,055		
	36-40	93	21,30	,500		
	41 және жоғары	236	22,34	,043		
Жалпы орташа мән	17-25	110	90,89	,313	3,68 5	,006
	26-30	79	89,06	-,264		
	31-35	96	86,49	,305		
	36-40	93	88,08	,328		
	41 және жоғары	236	88,85	,419		

Кесте 7де көрсетілгендей Мұғалім кәсібінің мәртебесін өлшеу шкаласынан алынған жалпы және өлшемдерінен (факторларынан) алынған орташа мәндері үшін қиғаштық коэффициенттері жынысына сәйкес барлық топтарда ± 1 диапазонында, алайда дисперсия тек F2 және F3 өлшемдерінде біртекті ($p > 0.05$). Осыған орай зерттеу аясында қатысушы мұғалімдердің мұғалім кәсібінің мәртебесін өлшеу шкаласынан алынған жалпы және өлшемдерінен (факторларынан) алынған орташа мәндердің олардың жасына байланысты өзгеретіндігін тексеру үшін параметрлік ANOVA және F3 өлшеммен шкаланың жалпы мәндердің дисперсиялар біртекті болмағандықтан, жас ерекшеліктеріне сәйкес құрылған топтарды салыстыру үшін параметрлік емес статистиканың бірі болып табылатын Kruskal Wallis H тесті пайдаланылды және нәтижелері 8-кестеде келтірілген.

Кесте 8

ANOVA	Дисперсия	Жалпы	Орташасы	sd	F	p	Айырмашылық	
Мұғалім кәсібіне берілген маңыздылық (F2)	Топтар арасы	614,066	261,799	4	4,634	,001	1-2	
	Топтар іші	20176,91	86,052	60			*	1-3
		9		9				1-5
								3-4
	Жалпы	20790,98		61				
		5		3				
Мұғалім кәсібіне әсер ететін мәселелер	Топтар арасы	94,745	23,686	4	2,609	,035	1-5	
	Топтар іші	5528,161	9,077	60			*	4-5
				9				

(F3)	Жалпы	5622,906		61				
				3				
Kruskall-Wallis	Топ	N	Орташасы	sd	H	p	Айырмашылық	қ
Мұғалім және мұғалім кәсібінің құндылығы (F1)	17-25	110	322,26					
	26-30	79	324,92					
	31-35	96	280,83					
	36-40	93	294,09	4	4,337	,362	-	
	41 және жоғары	236	310,92					
	17-25	110	340,82					
	26-30	79	322,46					
Жалпы орташа мән	31-35	96	264,92	4	10,33	,035	1-3	
	36-40	93	296,84		1	*		
	41 және жоғары	236	308,48					

* $p < 0,05$; 1: 17-25; 2: 26-30; 3: 31-35; 4: 36-40; 5: 41 және жоғары

Кесте 8де көрсетілгендей Мұғалім кәсібінің мәртебесін өлшеу шкаласының F2 және F3 өлшемдерінен алынған мәндердің қатысушы мұғалімдердің жасына байланысты құрылған топтар арасында айырмашылықтың бар екені анықталды ($F_{F2(4,609)} = 4.634$, $p < 0.05$; $F_{F3(4,609)} = 2.609$, $p < 0.05$). Бұл айырмашылық қай топтар арасында екенін түсіну үшін топтық салыстыру (Post Hoc) Шеффе тесті қолданылды. Топтар арасындағы айырмашылық қай орташаларда болғанын түсіну үшін 8-кестеде келтірілген орташа мәндер зерттелді. Алынған мәндерді жалпы талдағанда, қатысушы мұғалімдердің жасы (17-25 жас тобы) неғұрлым жас болса, соғұрлым олар мұғалім мамандығына және мұғалімдік қызметке берілген маңыздылық туралы пікірлермен келіседі деп айтуға болады және олардың тұжырымға қатысу деңгейі орташа деңгейде. Крускал-Уоллис тестінің нәтижесін зерттегенде, F1 өлшеміне сәйкес мұғалімдердің жас тобына сәйкес құрылған топтар арасында айырмашылық табылмады ($H_{F1(sd=4)} = 4.337$, $p > 0.05$). Ал шкаланың жалпы орташа мәні керісінше, жасына байланысты айтарлықтай айырмашылықты көрсетеді. ($H_{жалпы(sd=4)} = 10.331$, $p < 0.05$). Айырмашылық қай топтар арасында екенін анықтағанда, 17-25 жас тобының орташасы (орташа = 340.82) басқа жас топтарға қарағанда жоғары. Бұл нәтиже мұғалімдердің жасы қаншалықты жас болса, соншалықты мұғалім кәсібінің мәртебесіне көзқарастары жағымды болатынын білдіреді.

Мұғалімдердің кәсіби мәртебесіне қатысты көзқарастары олардың отбасында мұғалімдердің болып болмау жағдайына байланысты өзгереді ме?

Мұғалімдердің кәсіби мәртебесіне қатысты көзқарастарының олардың отбасында мұғалімдердің болып болмау жағдайы байланысты өзгерісін анықтау мақсатында «Мұғалім кәсібінің мәртебесін өлшеу шкаласынан» алынған өлшемдер (факторлар) мен жалпы орташа мәндердің қалыпты таралу және дисперсияның біртектілігі тұрғысынан қарастырылып, нәтижесі 9-кестеде берілді.

	Топ	n	\bar{X}	Қиғаштық	Дисперсия	Левен тесті	F
Мұғалім және мұғалім кәсібінің құндылығы (F1)	Иә	388	44,31	,216	1,387		,239
	Жоқ	226	43,10	,080			
Мұғалім берілген кәсібіне маңыздылық	Иә	388	23,36	-,107	2,038		,154
	Жоқ	226	22,37	,157			

(F2)							
Мұғалім кәсібіне әсер ететін мәселелер (F3)	Иә	388	22,07	-,127			
	Жоқ	226	21,59	,422	,138	,711	
	Иә	388	89,74	,274	1,024	,312	
Жалпы орташа мән	Жоқ	226	87,07	,223			

Кесте 9 да көрсетілгендей Мұғалім кәсібінің мәртебесін өлшеу шкаласының жалпы және өлшемдерінен (факторларынан) алынған орташа мәндері үшін қиғаштық коэффициенттері жынысына сәйкес барлық топтарда ± 1 диапазонында, олар қалыпты таралуды көрсетеді және дисперсиялар біртекті ($p > 0.05$); Зерттеу аясында қатысушы мұғалімдердің мұғалім кәсібінің мәртебесін өлшеу шкаласынан алынған жалпы және өлшемдерінен (факторларынан) алынған орташа мәндердің олардың отбасында мұғалімдердің болып болмауына байланысты өзгертіндігін тексеру үшін қолданылатын тәуелсіз таңдама топтар үшін параметрлік Т-тестінің нәтижелері 10-кестеде келтірілген.

Кесте 10

Т-тесті	Топ	N	\bar{X}	Sd	t	p
Мұғалім және мұғалім кәсібінің құндылығы (F1)	Иә	388	44,31	612	3,068	,002
	Жоқ	226	43,11			*
Мұғалім кәсібіне берілген маңыздылық (F2)	Иә	388	23,356	612	2,030	,043
	Жоқ	226	22,37			*
Мұғалім кәсібіне әсер ететін мәселелер (F3)	Иә	388	22,07	612	1,874	,061
	Жоқ	226	21,59			
Жалпы орташа мән	Иә	388	89,74	612	3,446	,001
	Жоқ	226	87,07			*

* $p < 0,05$

Кесте 10-де көрсетілгендей Мұғалім кәсібінің мәртебесін өлшеу шкаласының F1 және F2 өлшемдерінен және жалпы шкаладан алынған мәндердің қатысушы мұғалімдердің отбасында мұғалімдердің болу жағдайына байланысты құрылған топтар арасында айырмашылықтың бар екені анықталды ($t_{F1(612)} = 3,068$, $p < 0.05$; $t_{F2(612)} = 2,030$, $p < 0.05$; $t_{жалпы(612)} = 3,446$, $p < 0.05$). Ал F3 өлшемінен алынған мән құрылған топтарға сәйкес айтарлықтай айырмашылықты көрсетпейді ($t_{F3} = 1.874$, $p > 0.05$). Мәліметтерге сәйкес, t-тест талдауы нәтижесінде алынған шкаланың жалпы мәні отбасында мұғалім болып жұмыс істейтіндер бар болған мұғалімдердің орташа мәні ($\bar{X} = 89,74$), отбасындағы мұғалімдер болмаған қатысушыларға қарағанда ($\bar{X} = 87,07$) жоғары екені байқалды. Демек бұл салыстырмалы түрде мұғалімдердің отбасында мұғалім болып жұмыс істейтіндердің болу жағдайы, олардың мұғалім кәсібінің мәртебесіне қатысты жағымды пікірде болады деген мағынаға келеді.

Зерттеу жұмысының қорытындысы:

Зерттеу барысында алынған сандық мәліметтерді талдау барысында зерттеу сұрақтарына жауап берілді. Соған сәйкес келесідей қорытынды жасалынды;

«Мұғалімдердің көзқарасы бойынша мұғалім кәсібінің мәртебесі қандай деңгейде?» зерттеу сұрағына сәйкес қатысушы мұғалімдердің «Мұғалім кәсібінің мәртебесін өлшеу шкаласынан» алған орташа мәні анықталды. Бұл қол жеткізген мән, мұғалімдердің мұғалім кәсібінің мәртебесін «жақсы» деңгейде бағалайтындары анықталды.

Зерттеу барысында «Мұғалімдердің кәсіби мәртебесіне қатысты көзқарастары олардың жынысына байланысты өзгереді ме?» зерттеу сұрағына жауап берілді. Т-тест

талдауы нәтижесінде алынған «Мұғалім кәсібінің мәртебесін өлшеу шкаласы» атты шкаланың Мұғалім кәсібіне берілген маңыздылық (F2) өлшемі бойынша ер мұғалімдердің мұғалім кәсібіне әйел мұғалімдерге қарағанда мұғалімдік кәсібіне маңыздылық көп беретіндігі анықталды.

Зерттеу барысында «Мұғалімдердің кәсіби мәртебесіне қатысты көзқарастары олардың жасына байланысты өзгереді ме?» зерттеу сұрағына жауап берілді. Талдау нәтижесінде, мұғалімдердің жасы қаншалықты жас болса, соншалықты мұғалім кәсібінің мәртебесіне көзқарастары жағымды болатыны анықталды.

Сонымен қатар «Мұғалімдердің кәсіби мәртебесіне қатысты көзқарастары олардың отбасында мұғалімдердің болып болмау жағдайы байланысты өзгереді ме?» зерттеу сұрағына жауап берілді. Талдау нәтижесінде салыстырмалы түрде мұғалімдердің отбасында мұғалім болып жұмыс істейтіндердің болу жағдайы, олардың мұғалім кәсібінің мәртебесіне қатысты жағымды пікірде болатынды анықталды.

Әдебиеттер

- 1.Мейркулова А.Б. Мұғалім мамандығының мәртебесі және оны анықтайтын өлшемдер. «Зерттеу университеті жолында ғылым мен білімнің даму болашағы: жас педагог – ғалымдардың заманауи көзқарасы» I халықаралық вебинар материалдары – 07-21 мамыр, 2021 жыл. Бірінші басылым.
- 2.Бүюкөзтүрк, Ş. Sosyal bilimler için veri analizi el kitabı. Ankara: Pegem Akademi. 2017.
- 3.Meirkulova, A. ve Gelişli, Y. Öğretmenlik mesleğinin statüsüne yönelik algı ölçeği: bir ölçek geliştirme çalışması. Gazi Üniversitesi Gazi Eğitim Fakültesi Dergisi, 41(2) 2021,1145-1172.
- 4.Çokluk, Ö., Şekercioğlu, G., Büyüköztürk, Ş. Sosyal Bilimler Çok Değişkenli İstatistik SPSS ve LISREL Uygulamaları. Ankara: PEGEM AKADEMİ, 2018.

ӘЛЕУМЕТТІК-ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ВИКТИМОЛОГИЯНЫҢ ҒЫЛЫМ РЕТІНДЕ ҚАЛЫПТАСУЫНЫҢ МӘСЕЛЕСІ

Мурзагулова Мейрамкул Дауренбековна

Л.Н. Гумилев атындағы Евразиялық Ұлттық университетінің
«8D01801- Әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану» мамандығының
1 курс докторанты, Нұр-Сұлтан қ.

Аринова Нургул Айтуовна

Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті, Алматы қ.

Масимбаева Айым Алкеновна

Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті, Алматы қ.

Аннотация. В статье рассматриваются научные направления, структурное содержание данной области на основе рассуждений ученых, изучавших становление социально-педагогической виктимологии как науки. Автор анализирует причины, по которым люди с психическими, физиологическими, социальными и личностными отклонениями становятся жертвами в определенных ситуациях, методы их коррекции, ресоциализации, факторы избавления от виктимности. Кроме того, в статье делается анализ вводного характера, подчеркнув, что в связи с тем, что эта наука рассматривается в Казахстане только с точки зрения криминологии, до сих пор нет конкретизированных научных исследований, отдельных трудов по ее социально-педагогическим аспектам.

Ключевые слова: личность, жертвы, социально-педагогическая виктимология, социальное воспитание, субъект, индивид.

Abstract. The article considers the scientific directions and structural content of this field on the basis of the conclusions of scientists who studied the formation of social and pedagogical